



EGGEMEN QAZAQSTAN

## Намазалы ОМАНШҰЛЫ: Өзін өзі тәрбиелейтін адам – бақытты



– Намазалы аға, бүгінгі біздің қоғамда журналистиканың мәселелері жайлы әркім айтуы мүмкін. Бірақ саналы ғұмырын осы салаға арнаған сіздің пікіріңіздің жөні бөлек. Мерзімді баспасөз беттерінен, кейде экраннан қазіргі журналистика туралы «өткір емес» дейтін пікіріңізді көзіміз шалып, құлағымыз іліп қалып жатады. Бұлай болуының себебі неде деп ойлайсыз?

– Алысқа бармай-ақ, Президентіміздің Абайдың 175 жылдығына орай күні кеше жариялаған мақаласын алайық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде Абайдан үйренбей, Абайды басшылыққа алмай, оның ақыл-ойын ұлттың жетістігі демей, өркениет жолына түсе алмайтынымызды айтыпты. Шын мәнінде солай. Оның шығармалары ұлтымыз үшін барлық кезде өзекті. Абайды жыл сайын оқымасақ та, анда-санда бір қайталап қоятынымыз бар. Соған қарап өзімізді түзейміз. Әрине Абайды бір мақаламен түгесе алмайсың. Орыстар «құшағың жетпегенді құшақтай алмайсың» дейді. Абайға құшағымыз жетпейді. Екі ғасыр бұрын өмір сүрген данышпанның сөзі мірдің оғындай. Абайдың «Терең ой, терең ғылым іздемейді. Өтірік пен өсекті жүндей сабап» деген сөзі дәл қазіргі қоғамның сипаты.

Журналистиканың негізгі міндеті – қоғамның проблемаларын айту, қоғамдық сананы дұрыс жолға бағыттау. Байтұрсыновтың тілімен айтқанда, журналистика – «халықтың көзі, құлағы һәм тілі». Өйткені адамдардың барлығы бірдей газетке өз ойын жариялай алмайды. Тұтас халықтың теледидарға шығатын мүмкіндігі жоқ. Бір жерге жиналып, пікірін айтайын

десе, оған да көбінде рұқсат берілмейді. Сондықтан халықтың ішіндегі дертті, кемшілікті және жақсылықты да айтатын журналист. Өкінішке қарай теледидарды қазір сахнаға айналдырып жібердік. Жеңіл әңгімелерге құрылған хабарлардың дәурені жүріп тұр. Неге олай десеңіз, қазір рейтинг дейтін нәрсе бар. Телеарналар рейтинг қуалайды. Ал жеңіл дүниелердің көрерменді көбірек жинайтыны белгілі. Америка Құрама Штаттарында да жеңіл дүниелердің рейтингті көп жинайтынын байқадым. Бірақ олар бізбен салыстырғанда әлеуметтік, рухани проблемалары шешілген ел емес пе? Біз ұлттық құндылықтарымыздың өзін басын ашып біле алмай отырмыз.

Мен де жас журналист болдым. Ол кезде жылтыраған қызыл сөзге баса мән берілетін. Шешенсіп сөйлеп, заржақтыққа да түсіп кететін кездеріміз болды. Қазір ондай уақыт емес. Біз өзімізге бүгінгі күн үшін нақ керегі бар терең ой мен терең ғылым іздемей, өтірік пен өсекті жүндей сабап жүрміз. Жасыратыны жоқ, өтірік билік тарапынан айтылса, өсек сіз бен біздің аузымызбен айтылуда. Өйткені қоғам сондай. Ас үйдегі, той-томалақтағы әңгімелерге дейін баспасөзге, эфирге шығып кетті. Байыбына барып, мәселенің анық-қанығын білмей жатып, адамдар туралы сан-саққа жүгіртіп, сыртынан ғайбат айтамыз, жазамыз. Қазір қоғам ішін қауесет кезіп жүр. Бір сөзбен айтқанда, қоғамның дерті журналистиканың да дерті болып тұр.

– **Журналистиканың әлсіреуі жаңаша білім берумен, әлемдік тенденциялармен де байланысты емес пе? Мысалы, қазіргі теориялар оқиға, құбылысқа көзқарасыңды тықпалауды құптамайды. Оның үстіне тез жеткізу керек. Екіншіден, журналистикаға қатысы жоқ жан-дар осы салада қаптап кетті...**

– Журналист мақала жазса, қоғамдық бір проблеманы қозғаса, оның азаматтық ұстанымы міндетті түрде көрінеді. Ауруға дәрі бергендей әсер етеді. Яғни пайдалы мақала. Ал әншейін ақпарат беретін болса, ол жердегі мақсат бөлек. Журналистердің шатасатын жері осы. Журналист ақпаратқа ғана көзқарасты тықпаламау керек. Журналистикадағы барлық өнім ақпараттан тұрмайтыны тағы белгілі. Жанр жетерлік. Әңгіме соны шеберлікпен қолдануда. Сұрағыңның екінші жартысы осымен тікелей байланысты. Мамандық бойынша базалық білім алмаған, жанрды игермеген я әртіс, я тағы басқа біреу осы салаға кіріп алады. Ал журналист төрт не бес жыл бойы білім алды. Қаншама аудиториялық сабаққа қатысты. Осыған байланысты қанша дүниені оқып, бойына сіңірді. Емтихан тапсырды. Оның бойында журналистік білім бар, шеберлігі қалыптасты. Ал енді оның бірде-біреуін бастан өткізбеген адам қанша жерден данышпан болса да, сырттай ғана айтуы мүмкін. Иә, журналистиканың жарымжан болып қалуына бұл да әсерін тигізеді.

Университетімізде ақсақалдардан құралған сенат бар. Жабайхан Әбділдин деген академик ағамыз бастаған Сейіт Қасқабасов, Мырзатай Жолдасбеков, Қойшығара Салғараұлы деген мықты ғалымдар сол сенаттың мүшелері. Сондай басқосулардың бірінде Жабайхан Әбділдин «Журналистер сауатсыз» деген пікір айтты. Бір емес, екі рет айтты. Оның қандай журналистерді айтқанын ішім сезіп тұрды. Сауатсыздардың бары рас. Оны біз де білеміз.

Бірақ, сауатсыздар тек қана журналистикада емес, басқа салаларда да қаптап жүр. Философтардың ішінде сауатсыздары журналистерден де көп. Бірақ оларды халық біле бермейді. Ал журналистерді біледі. Себебі оларды теледидардан көреді, баспасөз арқылы оқиды, радиодан тыңдайды. Сондықтан олардың қандай екені бірден көрінеді. Осы ойымды дастарқан басында Жәкеңе айттым. Сөзімнің соңын қалжыңға сүйеп: «Ал енді сол сауатсыз деген журналистің өзі радио-теледидарға сөйлейтін болсаңыз, сөзіңізді бағыттап береді, газет-журналға мақала жазсаңыз, мақалаңызды үстінен түзеп бере алады», дедім.

– **Журналистердің бірнеше буынын тәрбиелеген ұстазсыз. Өз шәкірттеріңіздің тағдырына алаңдайтыныңыз заңдылық. Олардың арасында түрлі бағыттағы бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтіндері бар. Бұл тұрғыдан алғанда әсіресе оппозицияда жүрген шәкірттеріңізге араша түскен кездеріңіз болды ма?**

– Алдымен оппозициялық БАҚ туралы айтқым келеді. Мәселен, қоғамымызда орталық бағытты ұстанғандар да, оңшылдар мен солшылдар да бар. Қоғамда түрлі көзқарастағы адамдар болғандықтан, оппозициялық басылымдар мен әртүрлі арнаның болуы да заңдылық. Бұл енді былайша айтқанда объективті нәрсе. Қоғамда өмір сүретін адамдардың бәрінің құқығы бірдей. Біз неге біреуін шектеуіміз керек? «Демократиялық қоғам» дегенді санамыз қабылдайтын кез жеткен сияқты. Рас, кеңес өкіметі кезінде оппозициялық басылымдар болған жоқ. Сол үшін осы күнге дейін оппозициялық бағыттағы баспасөзді, басқа да ақпарат құралдарын «аяқтан шалады, бәле қуады, зияннан басқа пайдасы жоқ» деген түсініктен арыла алмай келеміз. Бірақ шындығында солай ма? Мынадай мысал келтіре аламын. Сталин Мұстафа Шоқайдың Германиядан шығарған «Жас Түркістан» газетінің бір нөмірін жібермей оқып отырған. Өйткені ол өзінің кемшілігін кімнің қорықпай айта алатынын білді. Сол арқылы Сталин өзіне пайдалы ақпаратты біліп отырды. Бүгінгі Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен оның айналасында жүрген жігіттердің ұстанған бағыты дұрыс деп есептеймін. Президент Ұлттық кеңесті құрды. Өзі Твиттерге шығады. Әлеуметтік желілерге араласып, сол арқылы билікке жетпей жатқан дүниелерді білсем дейді. Сол үшін ендігі жерде журналистика да ширауы тиіс, тартыншақтап, жалтақтай беруді қою керек.

Ал енді негізгі сұрағыңа қатысты айтатын болсақ, қоғамдық мәні бар, соқталы дүниелерді айтып-жазып қуғынға түскен шәкірттерім есімде жоқ. Жеке бір факті бойынша араша түстім. Ақын Қажытай Ілиясовты негізсіз жұмыстан шығарайын деп жатқанда сол іске араластым. Бұл бір ғана штрих. Ал енді менің міндетім – жеке бір мәселелерге араласып билік айту емес, қоғамдағы, журналистикадағы жалпы мәселелер, тенденциялар жайлы айту. Біз ұлттың рухын көтеруіміз керек. Рухты көтеру үшін міндетті түрде тарихи тұлғалардың дүниелерін насихаттау қажет. Онсыз біз рухымызды көтере алмаймыз. Шыны керек, бұл жағы азды-көпті айтылып та жатыр. Тек соны малданып, қоғамды жегідей жеп бара жатқан жемқорлық пен бекер мал шашпақты жасырып, жауып қоюға тағы болмайды. Ондай дүниелерді бір

адам айтса, ертең оның аяғы таяды. Құртады. Мысалы, қазір «Қазақстан» ұлттық телеарнасында «Ашық алаң» деген бағдарлама жүріп жатыр. Журналистер басылымдарында, хабарларында айтып, осы бағдарламаны қолдаса деймін. Күні ертең ол бағдарлама жабылып қалуы мүмкін. Өйткені билікке жексұрын көрінеді. Қазақ тілінде өткір проблемаларды қозғайтын бұл сияқты бағдарламалар көп емес. Жалпы, менің міндетім жекелеген фактілерге араласып кету емес, осындай дүниелерді айту.

– **Жекелеген факті деп отырсыз. Ашық айтамын деп өз басыңыз да қысым көрген кездер бар шығар?**

– ҚазҰУ-да декан болып жүргенімде бір белгілі профессор ағамыз үстімнен жоғарыға арыз жазды. Бір академик бастаған, бірнеше профессор қолдаған комиссия келіп тексерді. Арызда жоғары жаққа жазған негізгі ілік – менің «Жас Алашта» жарияланған «Журналистикасы жалтақ ел тоқырайды» деген мақалам. Соның контексінен өздеріне қажетті сөйлемдерді жұлып алып, «өзімізден шығатын газетті өзіміздің билікке айдап салып отыр» деп айыптады. Комиссия келді. Отыз күн тексерді. Түк тапқан жоқ. Жалпы өз басым бала кезден, тіпті сонау студенттік шақтан бері көп жалтақтамауға, ойымды еркін айтуға дағдыланғанмын. Әрине жеке адамда жүз пайыз тәуелсіздік деген болмайды. Жер басып жүрген соң кемшіліктен де ада емессің. Бірақ шама келгенше таза жүріп, таза тұруға, шындықты айтуға, дұрыс сөйлеуге тырысамын. Адам алдымен өзін сыйлауы керек. Басқа білмесе де өз ішінді өзің білесің. Мына жерде басқаша сөйлеп, ана жерге барып басқаша сайрап отырсаң, оның несі адамдық? Адамның ішкі жан дүниесі деген нәрсе таза болу керек емес пе?

– **Мынадай сұрақ қойғым келеді. Сізді зор атақ пен мол марапатқа қай қасиетіңіз жеткізді?**

– Мен көбіне қиындықтан қашқалақтаған емеспін. Сол арқылы жетіп жүрген шығармын. Әйтпесе журналистика факультетінде біраз қыз-жігіттер бірге оқып жүргенде біліміміз шамалас болды, 4-5 деген баға алып жүрдік. Соған қарағанда, баға да шартты нәрсе. Кеңес Одағы тұсында журналистика бойынша бір ғана диссертациялық кеңес болды. Оның өзі Мәскеуде. Ұлттық мектепті бітіргеніме, университетте де қазақша білім алғаныма, сүйенетін адамымның жоқтығына қарамастан, намысқа тырысып, қиындықтан қашпай кандидаттығымды да, докторлық диссертациямды да Мәскеуде қорғадым.

– **Өзіңіз басқаратын Журналистика мәселелерін зерттеу институты жайлы айтсаңыз. Институт осы уақытқа дейін қандай шаруалар атқарды және қаражатты қайдан аласыздар?**

– Қазақ ұлттық университетіндегі проректорлық қызметімнен кеткен соң мен журналистика факультетіндегі ЮНЕСКО кафедрасын басқардым. Сол уақытта Еуразия университетінің ректоры Бақытжан Әбдірайымов мені Астанаға (қазіргі Нұр-Сұлтан –*ред.*) шақырды. Осында журналистика факультетін ашып, жолға қойып беруімді өтінді. Оған қоса журналистика институтын ашу туралы ойымды да құп алды. Біздің институт осы он жылда 20 томнан аса кітап шығарды. Бұл кітаптардың барлығы журналистика мәсе-

лелеріне, тарихына арналды. Министрлікте ерекше әдебиеттерді басып шығаруға қатысты бағдарламалар бар. Кітаптар сол арқылы шықты.

Тағы бір жолы – ғылыми жобалар жазу. Бірақ ғылыми жобалар конкурсына қатысып жеңімпаз болсаң да Ғылым комитеті көбінесе қаржымызды азайтып тастайды. Бәрібір сол қаржының негізінде жыл сайын есеп беріп отырамыз. Институт одан бөлек конференциялар өткізеді, түрлі ғылыми жобалар жасайды. Жазылған оқулықтар негізінде лекциялар оқылады. Жалпы, жоба жасаған кезде ғалымдарды, оқытушыларды көптеп қатыстырамыз. Былайша, институтта адам саны аз.

**– ЮНЕСКО жанындағы бұқаралық коммуникация және журналистика бойынша дүниежүзілік ОРБИКОМ ұйымының мүшесісіз. Оған қалай мүше болдыңыз және бұл мүшелік сізге не берді?**

– Бұл ұйымға 1995 жылы мүше болдым. Сол жылы Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан профессорлары ОРБИКОМ ұйымына конкурса түсті. Сол конкурста ОРБИКОМ ұйымына Орталық Азия профессорларының ішінен мүшелікке бір адамды қабылдау керек болды да, таңдау маған түсті. Оған кандидаттық және докторлық диссертациямды Мәскеуде журналистика бойынша қорғағаным себеп болды. Ал сол жиынға қатысқан профессорлардың барлығы журналистикадан емес, өз елдерінде әдебиеттен, тарихтан қорғаған екен. Сол ұйымға мүше болуымның арқасында факультетте студиялар аштық. Парабалистік антенналар орнаттық. Көптеген жобаның қаржылануына қол жеткіздік. Яғни, бұның пайдасы ең алдымен Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне тиді. Одан бөлек шетелге көп шықтым. Бұл танымымды кеңейтті. Мысалы, біреу шетелге шыққанда бес-он күн қонақүйде дамылдап, қажетті бұйымдар сатып алып, ішіп-жеп қайтуды ғана мақсат тұтуы мүмкін. Ал мен білім-ғылымның ордаларына барған кезде міндетті түрде сол орталарға кіруді, қажет ақпарат алуды, шетелдік адамдармен пікірлесіп, олардың дүниеге көзқарастарын білуді мақсат еттім.

**– Бұл үшін ағылшынша білу керек қой. Сіз ағылшын тілін жақсы меңгергенсіз бе?**

– Факультетте ЮНЕСКО кафедрасы ашылған соң біз ағылшын тілін үйрендік. Ішіміздегі ең егдеміз профессор Марат Барманқұлов болды. Ол кісі туралы кезінде «Алпысында ағылшын тілін үйренген» деп мақала жазғанмын. Онда мен елуге келмеген едім. Жеті-сегіз адамның басын қосып, университеттегі мықты оқытушының біріне ақысын төлеп, тіл үйрендік. Рас, қазір шетелге шықпағаным он шақты жыл болды. Қолданбаған соң әлсіреп қалады екен. Шетелге алғаш шыққанда бастапқыда бір-екі рет аудармашының көмегіне жүгіндім. Одан кейін өзім ағылшынша ауызекі сөйлеп жүрдім. Тек мен емес, біздің факультеттегі біраз оқытушы жақсы үйреніп кетті. Марат Барманқұлов, Бауыржан Жақып, Тимур Көпбаев, Ғалия Ибраевалар шетелге шықты менің тұсымда. Шетелдерден профессорлар алдырып, студенттерге дәріс оқытып тұратынбыз.

**– Сіздің хоббиіңіз бильярд екенін жақсы білеміз. Бильярдта басты бәсекелесіңіз кім? Одан бөлек тағы немен әуестенесіз?**

– Алматыда жүргенде бәсекелесім Нұртілеу Иманғалиұлы еді. Жарыстарда екеуміз финалға бірге шығатынбыз. Ал енді мына жақта Оңдасын. Осында өзіміздің «ОНҚА» деген ұйымымыз бар. Төрт адамның есімінің алғашқы әріптерінен құралған. О – Оңдасын, Н – Намазалы, Қ – Қайрекен, А – Аяған. Оңдасын тәуір ойнайды. Ол енді қолы бостау, көбірек мән береді. Мен бильярдқа арагідік қана барамын. Негізгі әуестенетін нәрсем – конспект жасау. Кейінгі кезде осы нәрсені жүрегім қалайды. Оқыған жақсы кітаптар туралы ойларымды жазып отырамын. Қалың дәптерге қаламсаппен жазамын. Бұл менің жасымдағы адамға оңай шаруа емес. Көбінде тарихи кітаптарды конспектілеймін. Сақ, ғұн, оғыз, көктүріктер тарихы, қазақ хандығының тарихына қатысты кітаптар көбірек қызықтырады. Соңғы жылдары өзім туып-өскен Меркінің тарихына ден қойып жүрмін. Меркі деген сөз V-VI ғасырда бар екен. Меркі деген қамал болған. Сол атау күні бүгінге дейін өзгерген жоқ. Соның бір құпия сыры бар ма, басқаша бір жұмбағы бар ма? Кіндік қаным тамған жер туралы тиянақты еңбек жазғым келеді. Жан дүнием осыған сұранып тұр.

– **Жетпіс жасқа аяқ бастыңыз. Үлкен отбасының ақсақалысыз. Отбасыңыз жайлы да бірер сөз айтсаңыз...**

– Университетте жүргенде топтың старостасы болдым. Клара комсорг еді. Екеуміз жиындарға бірге қатысамыз. Мәселелерді бірге талқылаймыз. Солайша тіл табысып, үшінші курсқа көшкен жылы бас құрадық. Бір қыз, екі ұлымыз бар. Аллаға шүкір, немерелеріміз өсіп келеді. Клара көркем әңгіме жазуға бейім. Төрт кітабы жарық көрген. Жастау кезімде мен де көркем очерктер, фельетондарды көп жазатынмын. Қазір одан шығып қалдым. Ғылыми стиль біраз қасаңдатып жібереді екен. Дегенмен әр нәрсенің өз уақыты бар. Әр адамның атқаратын өз міндеті бар. Қоғамда өзін қалай ұстау керек, қандай қызмет атқару керек соны дұрыс түсінген, білген адам бақытты адам деп есептеймін.

– **Мазмұнды әңгімеңіз үшін рахмет.**

Әңгімелескен  
Айгүл СЕЙІЛ